

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «П.Д. ОСИПЕНКО
АТЫНДАҒЫ №8 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №8 ИМЕНИ
П.Д. ОСИПЕНКО ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ ҚЫЗЫЛОРДА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120001, Қызылорда қаласы, Д. Қонаев көшесі, 23
тел.: 8 (7242) 27-80-04
e-mail: mectep8@mail.ru

120001, город Кызылорда, ул. Д. Қонаева, 23
тел.: 8 (7242) 27-80-04
e-mail: mectep8@mail.ru

22.01.2025 № 22

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектебі» КММ 2024 жылдың қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектебі» КММ-ның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№8 орта мектебінде жалпы қызметкерлер саны –119. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 84, техникалық қызметкер - 35,
2 қызметкер бала күтімінде, 10 қызметкер ақысыз демалыста.

№22 29.03.2024 жылы ағылшын тілі пәні мұғалімі Серекова Жанна Абдрахмановна зейнетке шығуына байланысты жұмыстан босатылды.

№36 29.08.2024 жылы математика пәні мұғалімі Райсова Рая Жанұзаққызы зейнетке шығуына байланысты жұмыстан босатылды.

Басқа мектепке ауысқандар саны – 4 мұғалім. Конкурс негізінде – 3 мұғалім, ауысу тәсілімен – 1 мұғалім.

Педагог-зерттеуші - 19, педагог сарапшы - 17, педагог-модератор - 13, жоғары санатты - 0, бірінші санатты - 0, екінші санатты - 0, санатсыз саны-

23. Жоғары білімді - 71, арнаулы орта білімді - 1. Педагогика ғылымының магистрі - 12.

Сонымен қатар, мектепте барлығы - 469 оқушы бар. 1 сыныпқа – 38 оқушы, оның ішінде электронды түрде - 25 өтінішпен, 13 өтініш қағаз түрінде қабылданған.

2023-2024 оқу жылында мектепте 27 оқушы бітірген. Оның ішінде жоғарғы оқу орындарына – 18 түлек, колледжге – 9 түлек түскен, түлек мемлекеттік грантқа ие болған.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты осы оқу жылында «eңбек.kz» арқылы және конкурс негізінде педагогтер жұмысқа қабылданбаған.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Зандылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік 4 қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде:

- құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау - 25

- денсаулығына байланысты үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау – 14

- әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларға тегін тамақты ұйымдастыру құжаттарын қабылдау - 126

- әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларға қала сыртындағы, мектеп жанындағы лагерьге құжат қабылдау - 36

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 4

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 0.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) – 0.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Мектепте бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

№8 орта мектебі бойынша 2024 жылға жалпы қаралған бюджет 597,046 мың теңге.

2024 жыл қорытындысымен 597,046 мың теңге игерілді. Оның ішінде;

203 бағдарлама бойынша – 500,282 мың теңге,

202 бағдарлама бойынша – 0000,0 мың теңге,

055 бағдарлама бойынша – 00000,0 мың теңге,

082 бағдарлама бойынша – 96764 мың теңге,

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2024 жылдың қорытындысымен мектепте жеке тұлғалардан - 0, заңды тұлғалардан – 0 өтініштер келіп түскен жоқ.

Сонымен қатар, әр аптаның сейсенбі және жұма күндері қала бойынша мектеп директорының жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Бірақ директоромен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде 7 рет азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, 7 ата-ананың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны – 20. 7 – арыз, 12 – ұсыныс, 1 – хабар. Бұл өтініштер бойынша арыз иесімен сөйлесіп, тыңдау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактылері орын алған жоқ.

8) Бөлімшенің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша

№8 мектепте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектебі» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

Мектеп директоры



А. Абашова